

## «ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМ» ҰҒЫМЫН ФИЛОСОФИЯДАҒЫ СПЕКУЛЯТИВТІ ӘДІСПЕН ТАЛДАУ

<sup>1</sup>Е.Е. Татиев, <sup>2</sup>М.С. Саркулова, <sup>3</sup>А.Б. Мухамедиева

### АҢДАТПА

Кейінгі бес жылдар шамасында ғылыми-зерттеу бағыттарының, оның ішінде гуманитарлық ғылымда ұғымдар, түсініктер және категорияларды әртүрлі қырынан зерттеу маңыздылыққа ие болды. Сонымен бірге қазіргі уақытта әлемдік, әрі жаһандық деңгейде ғылымның дамуы зерттелуге тиісті сұрақтарды өзара ішкі байланыста мысалы пәнаралық, мультидисциплина түрінде зерттеу де кең етек алған. Төмендегі мақала авторлары осы аталған өзекті мәселені ойға ала отырып, эксперименттік үлгі ретінде бір-біріне нәтижелі талдауға келе қоймайтын зерттеулерді ұсынбақшы. Ол зерттеу тезі – тек бүгінгі ғылыми бағыттың, әсіресе гуманитарлық саланың бет-бұрысы саналатын зерттеуден кейінгі нәтиже қорытындысындағы тиімді немесе тиімсіз деп табылатын пайымдаулар болмақ.

Ғылыми мақалада ұлттық-мәдени құндылықтар қатарынан табылатын «түркілік дүниетаным» ұғымын философиядағы спекулятивті әдіспен талдау реті жазылған. Әдетте ғылыми пайымдау жетістігі әрқашан да қайсы бір ғылымның өзіне жақын немесе тиісті деп табылған зерттеу әдіс-тәсілдерін қолданғанда іргелі, әрі толымды нәтижеге жетіп жатады. Ал төменде жазылған мақалада керісінше ұлттық құндылық ұғымы спекулятивті деңгейде баяндалған. Бір жағынан алып қарағанда аталған талдаумен жасалған эксперимент қарапайым, примитивті нәтиже алып келуі мүмкін. Алайда авторлар бұндай өрескел зерттеудің өзінен «қандай қорытындылар шығады» деген мақсатпен жазған.

**Түйін сөздер:** философиялық әдіс, спекулятивті тәсіл, тарихи зерттеулер, дүниетаным, құндылықтар, аксиология, тезис, анитезис, синтез, индукциялық ықтималдық.

<sup>1,3</sup>КЕАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті», Семей, Қазақстан

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Автор-корреспондент:  
Е.Е. Татиев, [ertisuly82@mail.ru](mailto:ertisuly82@mail.ru)

*Мақаланың сілтемесі:*  
Е.Е. Татиев, М.С. Саркулова, А.Б. Мухамедиева.  
«Түркілік дүниетаным» ұғымын философиядағы спекулятивті әдіспен талдау // Адам әлемі. – 2022. – No. 1 (91). – С. 80-89.

### Анализ понятия «тюркское мировоззрение» спекулятивным методом в философии

**Аннотация.** В течение последующих пяти лет все большее значение имело изучение направлений исследований, в том числе понятий и категорий в гуманитарной науке под разными углами. Вместе с тем, в настоящее время развитие науки как на мировом, так и на глобальном уровне получило широкое распространение и изучение вопросов, подлежащих изучению во внутренней взаимосвязи, например, междисциплинарной, мультидисциплинарной. Авторы нижеприведенной статьи, размышляя над этой актуальной проблемой, предлагают исследования, которые не могут не подходить друг к другу для продуктивного анализа в качестве экспериментальной модели. Это будут суждения, которые являются эф-

фективными или неэффективными в результате исследования, которое является лишь лицом современного научного направления, особенно гуманитарной сферы.

**Ключевые слова:** философский метод, спекулятивный подход, исторические исследования, мировоззрение, ценности, аксиология, тезис, антитезис, синтез, индукционная вероятность.

### **Analysis of the Concept of «Turks Worldview» by the Speculative Method in Philosophy**

**Abstract.** Over the past five years, the study of research directions, including concepts and categories in the humanities from different angles, has become increasingly important. At the same time, at present, the development of science both at the global and local levels has become widespread and the study of issues to be studied in an internal relationship, for example, interdisciplinary, multidisciplinary. The authors of the following article, reflecting on this urgent problem, propose studies that cannot but fit together for productive analysis as an experimental model. These will be judgments that are effective or ineffective as a result of research that is only the face of a modern scientific direction, especially the humanitarian sphere.

**Keywords:** Philosophical Method, Speculative Approach, Historical Research, Worldview, Values, Axiology, Thesis, Antithesis, Synthesis, Induction Probability

### **Кіріспе**

Философияда кең тараған әдістердің бірі «спекулятивті әдіс» немесе «гегелдік философиялық ойлау жүйесінің спекулятивті әдісі» деп аталады. Бұл әдіс ұғымдар мен түсініктерді ой-қорытынды мен сыни талдауды айқындау үшін қолданылады. Анығында спекулятивті-философиялық әдіс практикаға қарағанда рефлексия (таным) көмегімен дамытуды көздейтін тәсіл болып табылған [9, 41 б.].

Бұл әдісте Гегельдің «Триада» тәсілінің «тезис-антитезис-синтез» деп аталатын формуласы бар [9, 41 б.]. Ол формула ұғымдарды бір-біріне қарама-қарсы қоя отырып «ой қорытындылау немесе синтездік бірлік құру» деп танылады. Мысалы: «Дос (тезис)-Қас (антитезис) – Ешкім (синтез) немесе Тәуелді (тезис) – Бостандық (антитезис) – Ұрыс (синтез) не болмаса Батыл (тезис) – Қорқақ (антитезис) – Жүрек (синтез) және т.б.

Ал, осы аталған спекулятивті философиялық әдіс арқылы мақала авторлары «Түркілік дүниетаным» ұғымына тезис және антитезис болатын сөздерді қолдана отырып, екі нұсқа әзірлейді. Аталған әдісті мақала авторлары әзірше эксперимент ретінде

қолданып отыр. Себебі мұндай әдіс тәсіл түркілік дүниетаным ұғымына, жалпы алғанда құндылықтар ұғымына қолданылған емес. Осы жағдайды ескере отырып, авторлар талдаулар мен нәтижелерден кейін қорытындының қалай болатындығына назар аударады. Яғни, авторлардың есебі бойынша тапсырманың орындалуы мүмкіндігінше философия ғылымының деңгейіне сай талданып, маңыздылыққа ие болса деген сенімдері бар. Сол кезде ғана болашақта тақырып ғылыми негізге айналама деген ойлары да жоқ емес. Сол себепті әзірге жоғарыдағы спекулятивті әдіспен зерттеуді «эксперимент» деп қабылдағанды жөн көреді.


Авторлардың айтуынша тақырыптың маңыздылығы мынадай қызығушылықтан туындап отыр. Ежелгі түркілердің пайда болу тарихын, генезисін баяндай отырып, бүгінгі күндегі еліміздегі ұлттық межедегі құндылықтарымыз болып саналатын ұғымдарды философиялық деңгейде айтып беруді көздейді. Зерттеу жұмысы жалпы ғылыми зерттеушілердің әдістемелелік қорына үлес үшін және ғылыми ізденушілерге арналған.

## Әдістер


## Талдау

Гегель ұсынған «Триада» «тезис- анти-тезис- синтез» тәсілін оның ізбасарлары анығында 1857 жылы Герних Халибус енгізген. Зерттеушілердің айтуынша Гегель бұл триада формуласының жеңіл түрін қолданған екен. Ол «түсінік-диалектикалық үкім- спекулятивті үкім» деп аталатын әдіс болған [7, 184 б.]. Сонымен бірге Гегель философиясының негізгі мәні абстракциядан нақтылыққа қарай бағытталғаны барлығымызға белгілі.

Әдісті, яғни триаданы қолданбас бұрын, әдетте спекулятивті әдіс үшін біріншіден тезис немесе антитезис немесе Гегель өзі қолданған түсінік пен диалектикалық үкім бір-біріне қарсы қойылып одан кейін біріктіліген синтез қабылданады. Ал, біздің жағдайда түркілік дүниетанымды синтез деп ескеріп, оларға тезис пен антитезисті құрастырдық. Олардың екі нұсқасын төменде ұсынамыз (1, 2-суреттер):



Сурет 1-Түркілік дүниетаным-Түркі (адам)-Табиғат (а-нұсқасы)



Сурет 1- Түркілік дүниетаным-Шаманизм-Анимизм (б-нұсқасы)

Бірінші нұсқадағы «түркі (тезис) – табиғат (антитезис) – түркілік дүниетаным (синтез) триадасын талдау.

«Түркілік дүниетаным» – бүгінгі күндегі мемлекетіміздің, отандық құндылықтың негізін біріктіретін ұғым және оны қабылдаудың өзіндік түсінігі бар. Аталған ұғымды негіздеп беру үшін пайымды дәлелдер мен зерттеулерді айтып бере аламыз және оның синтездік ой екендігіне еш шүбә келтірмейміз.

Жоғарыда (сурет-1 а-нұсқасы) «түркілік дүниетанымға» бір-біріне қарама-қарсы ұғым ретінде «табиғат» және «түркі» сөздері алынды. Жалпы «табиғат» және «түркі» сөздері бір-біріне қарама-қарсы ұғым болмаса да «адам» мен «табиғат» үздіксіз даму үрдісінде. Мысал ретінде алып қарасақ, кез-келген түркі (адам) үшін табиғаттың құбылысы үнемі қарама-қайшылықтың дәлелі. Осы орайда сол дәуірдің анық куәсі болған Күлтегін жырынан мысал келтірейік:

Жоғарыда

Ішіне жұлдыздар жапсырған,  
Алып қазандай төңкерілген,  
Төсіне Ай ілген, Омырауына Күн таққан  
Аспан пайда болды;  
Күркіреп, күркілдеп  
От шашып жатқан;  
Алып денесінен  
Қып-қызыл болып  
Өрт қашып жатқан  
Тау менен тастар пайда болды.  
Жел алып келген  
Дым менен будан  
Бұрқырап тасып жатқан  
Сулар пайда болды.  
Жайқалған нулар пайда болды.  
Сонан кейін Адам шықты [10].

Жырдың үзіндісін осындай ұзағырақ алу себебіміз байқап отырғанымыздай табиғат құбылыстарын барлық түрлерін сипаттағандықтан алдық. Ғылыми тезге салып қарайтын болсақ түркілердің (Күлтегін жыры) табиғатты осы деңгейде қабылдап баяндалуы натур-

философиялық гилозоизм болып табылады, ол түптеп келгенде табиғатты құдай деп қарастыратын пантеизмнің негізін құрайды [4, 48 б.] деген анықтамаға келеді. Натурфилософия, гилозоизм және пантеизм ілімдері ғылыми ортаға белгілі болғандай табиғат ілімінің маңыздылығын айтып беретін – теориялар. Сонымен бірге бұл «табиғат пен құдай бір-біріне пара-пар» деп танылған анықтамалар әлемдік діндер пайда болғанға дейін маңызды болды.

Жырдағы мына бір текстік мазмұнына (интерпретация) назар аударсақ. Мәселен «Ішіне жұлдыздар жапсырған», «Алып қазандай төңкерілген», «Төсіне Ай ілген», «Омырауына Күн таққан» деген жыр жолдары табиғатты біртұтас денеге теңеп натурфилософияның анықтамасын айқындап беріп тұр. Жалпы түркі халықтары сол кездегі өзге халықтар сияқты табиғат құдіреттілігін бас иегендеріне куә бола аламыз.

Енді осы жоғарыда айтылған мысал, яғни Күлтегін жыры Адам (түркі) мен табиғатты бір-біріне қарама-қарсы қойып тұр ма деген сұрақ туындайды. Біздің пікірімізше, қарама-қарсылыққа қарағанда адамның табиғатты қалай тануы туралы мағына басым. Алайда «түркілік дүниетаным» ұғымы қарама-қайшылықтан туындаған түсінік пе деген ой мазалайды. Бірақ көптеген зерттеушілер түркілік дүниетанымының бір парасындағы табиғат пен адам біртұтас үндестікте болғандығын алға тартады [6, 76 б.]. Осы тұстан алып қарағанда өзге халықтардың дүниетанымынан бөлек әлем қалыптасқандығын байқаймыз, тарихта болғандығын ескереміз. Тағы айта кететін болсақ, түркі дүниетанымынан мирас болып қалған қазақ ақыл ой дүниетанымында да табиғат пен адам бірлікте. Демек ата-баба рухынан тараған негіз өз мәнін жоғалатпағандығына көз жеткіземіз.

Екінші нұсқадағы «шаманизм (тезис) – анимизм (антитезис) – түркілік

дүниетаным (синтез) триадасын талдау.

Бірден айту керек, әдетте ғылым мен әдебиетте ежелгі дін формалары әлемдік діндерге қарама-қарсы қойылып, қандай да бір деңгейде салыстырылып жатады. Ал ежелгі дін формаларын шаманизм, анимизм, фетишизм, магия және тотемизмдерді бір деп қабылдап, олардың ара-жігін бөліп отырмайтынмыз анық. Мүмкін осы жоғарыда көрсетілген ежелгі дін формаларын бірі-біріне қарама-қарсы қойып талдасақ, пайымды нәтиже шығатын шығар!

Бақсылық (Шаманизм) – шаманизм дінінің осы күнге дейін жеткен сарқыны. Бақсы деп өзге тылсым әлеммен байланыс орнатып, ондағы түрлі рухтармен байланыс жасай алатын адамды айтқан. Бақсылар «әулиелерді» «аруақтарды», «періштелерді» шақырып, олармен тілдесе алады, адамның жаулары – дәу, пері, шайтан, албасты, жын, марту, тағы басқа мен күреседі деген сенімде болған. Бақсыларға тән ерекше қасиеттердің бірі – емшілік (тәуіпшілік). Бақсылардың бәрі қобыз тартып, зікір салып, түрлі емдер жасайды. Оның қамшысы тиген адамның денесіне кірген шайтандар қашып, барлық сырқатынан құлан-таза жазылып кетеді деп сенген [8, 3 б.]. Байқап отырғанымыздай шаманизм бұл дүниенің, көзбен көріп, ақпарат алуға болатын материалдық шындық болмысына жақын. Бақсы-шаман, яғни адам-осы дүниенің ақиқаты.

Түркі халықтарын тарихын зерттеуге зор үлес қосқан Лев Гумилев өзінің «Көне түркілер» кітабының VII тарауын «Түркіттердің діні» деп атап түркілердің діни көзқарасын ғылыми талдап жазды [1, 238 б.]. Сонымен автор түркілердің діни көзқарасын іргелі ғалымдардың зерттеулерін мысалға келтіре отырып тарауды көптеген дәлелді фактілермен жазған. Өзінің ғылыми пікіріне келетін болсақ, мәліметтер мейлінше қарама-қайшы келетін және тым шолақ жазылған түркілер діні зерттеуші ғалымдарға едәуір қиындықтар тудырған.

Мәселен, түркілер діні туралы ақпарат қалдырған қытайдың «Вэйшу» шежіресінде деректерді Лев Гумилев өзінің «Көне түркілер» еңбегінде былай деп келтіреді. «1) күн шығыс елін қастерлейтін болғаны үшін де (хан) ордасына шығыстан кіреді; 2) жылмажыл күллі бекзаттармен бірге ата-бабалар үңгіріне барып, құрбан салады; 3) Бесінші айдың ортаңғы он күндігінде қара халықты жинап, өзен бойында көк аруағына бағыштап құрбан салады; 4) Дугиннің батыс жағында 500 ли жерде биік тау бар, оның басында өсімдік те, ағашта шықпайды, ол Бодын-іңлі деп аталады, оны аудасақ: елдің қамқоршы аруағы деген сөз [1, 63 б.].

Аталған «Вэйшу» шежіресі қытайдың «Вэй әулетінің тарихы» кітабы. Бұл шежіре-кітап 551—554 жылдары Вэнь Сюань-ди императордың бұйрығымен Вэй Шоу (506—572) деген тарихшысы жазған. Сонымен бірге бұл шежіре өз заманда жазылуы жағынан өзге тайпалардың сынына ұшырап, екі рет өзгертілген. Қытай тарихы, әдебиеті мен өнерінің энциклопедиясында тарихшы Вэй Шоу тегі қытай емес, түркі оның ішінде табғач тайпасынан деп жазылған. Анығында «как северянин, Вэй Шоу поддерживал притязания северных династий на легитимность и презирал южных правителей Сун, Ци и Лян (502-557) как «варварских» узурпаторов, что тем более удивительно, потому что основатели Сами династия Вэй не была китайской, а происходила из прототюркского народа табгач» деп жазылған [3, 57 б.].

Жоғарыдағы Лев Гумилев келтірген «Вэйшу» шежіресінде түркілердің сенімі жөніндегі деректердің текстологиялық семантикалық белгілерін анализ жасайтын болсақ. Бірінші ақпаратта сенім-наным турасында еш белгі жоқ (күн шығыс елін қастерлейтін болғаны үшін де (хан) ордасына шығыстан кіреді). Екінші және үшінші ақпаратта құрбандық шалу рәсімі баяндалған (ата-бабалар үңгіріне барып, құрбан салады және көк

аруағына бағыштап құрбан салады). Ал үшінші және төртінші ақпаратта «аруақ» сөзі басты себеп болады (көк аруағына бағыштап құрбан салады және ол Бодын-іңлі деп аталады, оны аударсақ: елдің қамқоршы аруағы деген сөз). Екінші, үшінші және төртінші текстерден түркілердің сенім-нанымдарының ба-сым екендігі баяндаған.

Ал анимизм – «жан», «рух» заттық дүние құбылыстарының жандылығын білдіретін шындық. Оның о дүние жөнінде тылсымдық қасиеті бар. Ол көзге көрінбейтін, белгілі адамдарға (шаман, әулие адамдарға) ғана ақпарат беретін құбылыс иесі.

Егерде ежелгі түркі халықтарының анимизм жөніндегі діни сенімдері туралы тарихи деректерді қарастыратын болсақ ондай нақты дерек көздерін кездестіре алмаймыз. Бірақ түркілердің тарихымен танысудағы арнайы діни таным бөлімінде көне түркілер «анимизм» сенімін қолданған деген текстер кездеседі. Талдау ретінде мына бір деректі айта кететін болсақ, Тәңір туралы Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздігінде» мынандай түсінік берілген: «Тәңірі. Ұлы Тәңір. Құдай ұрғыр кәпірлер аспанды: «Тәңгі: Тәңірі» дейді. Ол көздеріне зор үлкен көрінген нәрсенің бәрін мәселен, биік тау, биік ағаштарды да «Тәңгі: Тәңірі» – дейді. Өйткені, сондай нәрселерге табынады. Олардың қателіктерінен Тәңірдің өзі сақтасын» [5, 360 б.].

Енді біз спекулятивтік әдіске қалай да бет-бұрыс жасап, қалай болған күнде де қарама-қарсы ұғымдарды тауып көрсек қандай сөздерді алған болар едік деген ой туындайды. Сол үшін арнайы зерттеу нәтижелерін ұсынып өтсек.

Ол үшін арнайы таблица құрып, оның бірінші бағанасына түркі дүниетанымына негіз болатын сөздерді тізбелеп жазып, оған қарама-қарсы ол сөздерді қолданып қойып өттік.

1-кесте - Түркі дүниетаным

Түркі дүниетаным	
Ұғымдық анықтамалар (болмыс-тезис)	Қарма-қарасы ұғымдар (антитезис)
Тәңірлік	---
Ұлы тәңір	---
Хан Тәңірі	----
Ашина	-----
Көк бөрі	Адам
Ұмай	----
Жер	Аспан
Тау	Терең құз, тұңғиық
Шамандық таным (Шаманизм)	----
Анимизм	----
Тотемизм	Монотеизм, атеизм
Фетишизм	Сенімсіздік, менсінбеу

Бірінші кезекте тұрған «тәңірлік», «ұлы тәңір», «хан тәңірі» сөздеріне қарама-қарсы сөздер мүлдем жоқ десе болады. Оның айғағы ретінде мына мәтіндерді келтіреміз: «Дәстүрлік түркілік дүниетанымдағы Тәңір түсінігі мен оның сипаттарын анықтау халықтың дүниетанымы, мізес – құлқы, психологиясын танудың басты кілті болып табылады өзінің тәңірін ұлықтап, әлемдегі еш нәрсемен тең көргісі келмейтін халықтың әрқашанда өр мінезді, төзімді, әділетті және жауынгер болып келетіндігі де сондықтан [6, 13 б.]. Мұның дін феноменологиясы тұрғысынан мәдениет пен дін арасындағы психологиялық айқындайтын құбылыс екендігі мәлім». Осы мәселеге қарағанда түркілік дүниетанымдағы «тәңірлік», «ұлы тәңір», «хан тәңірі» ұғымдарының қарма-қайшылығы болмауының сыры да осында жатыр ма деп ойлаймыз.

Енді келесі арнаулы сөздіктерде «көк бөрі» сөзінің негізі болатын бөрі, қасқыр сөзінің сөзінің алты түрлі семантикалық белгісі бар екен соның ішінде біздің табилицаға жақыны «адам» ба деп қабылдап оны қасқыр сөзіне қарама-қарсы қойдық, бірақ сөздіктерде бұл белгі қасқыр сөзінің «бейқам», «көңілсіз адам» деген мағынасын береді екен. Дегенмен спекулятивті әдіске салып нәтижеге жеткізуге болады. Мысалы

Адам (тезис) - Бөрі (антитезис) – Түркілік дүниетаным (синтез) нұсқасы ұғымды логикалық сапаға айналдыратын триада бола алады.

Келесі «ұмай» сөзінен қарама-қарсы антоним қарастырдық. Бірақ «ұмай» сөзі «тәңірлік» «ұлы тәңір», «хан тәңірі» сөздерімен қатар тұрғандықтан, әрі түркілік дүниетанымда оларға тең немесе кері ұғымдар жоқ. Сондықтан «түркілік дүниетанымды» ұмай сөзіне қарама-қарсы антитезис қойып тақырып талдай алмайтындығымызға көз жеткіздік. Тек «ұмай» сөзін және мағынасын «түркілік дүниетанымның» құндылығы деп баға береміз.

Енді келесі «жер» сөзін қарастыратын болсақ, бұл жерде «жер» сөзін түркілердің «Иер-Суб», яғни «Жер-Су» ұғымына негіздеп алдық. Ал қарма-қарсы сөзі үлгісін «аспан» деп көрсеттік. Байқауымызша, Жер (тезис) – Аспан (антитезис) – «түркілік дүниетаным» (синтез) моделінен көптеген аргументтер айқындауға болады. Бір ғана Күлтегін жырындағы: «жоғарыда көк аспан төменде қара жер жаралғанда (немесе пайда болғанда)...» деген мағыналы сөзден «түркілік дүниетанымның» синтездік бірлігін айтып беруге болады [6, 43 б.]. Ал айтатын болсақ, «Жер-су құдайына келетін болсақ, ол да табиғатты пір тұтудан туындайды. Алтайлық аңызда:



“Үлген жаратылысқа дейін шексіз-шетсіз, түпсіз-тұңғыық теңіз үстіндегі кеңістікте тіршілік етеді. Сонда Үлгенге судан Ақ ана шығып, оған жер мен аспанды жаратуды үйретеді” делінген. Бұл аңызда да матриархаттық, рулық, қауымдық қатынастар ықпалы байқалады. Матриархаттық-рулық қауымнан патриархалды қауымға біртіндеп өту барысында жер-су соңғы орынға ығыстырылады. Көк аспан ретіндегі Тәңір өзінің жоғарғы құдай ретіндегі маңызын жоғалтпайды, патриархалдық-қауымдық қатынастардың күшейіп, нығаюына байланысты ол зор, қаһарлы тұлға сипатына ие болады». Зерделеп назар аударсақ, көне түркілердің «Жер-Су» түсінгі аналық болып, «Аспан» түсінгі аталық болса, ал Адам екеуінің арасында жаратылған деген логика нақтылана түседі.

Келесі таблица бойынша «тау» сөзін алдық. Оны себебі Махмуд Қашқари жазып өткендей әрбір түркі үшін өзіне зор тау, биік ағаш «тәңірі» айтқандай таудың көшпенді халықтар үшін маңызы үлкен және түркілер тауы генетикалық бастау, негіз деп қабылдайды [5, 360 б.]. Ал табиғиға сәйкес таудың антоним сөзін «терең құз», «тұңғыық» деп алдық. Осы екі сөз түркі дүниетанымында тікелей айтылып көрсетілмесе де қазақ мәдениетіндегі мағыны сөздер құрайды. Яғни қазақ халқының тілдік қорындағы дүниетанымға жетелейтін категориялық ұғымдар болып табылады.

### **Нәтиже**

Жалпы біз қарастырып отырған еңбекте түркілік дүниетаным, табиғат (А нұсқасы) және түркілік дүниетаным, шаманизм, анимизм (Б нұсқасы) зерттеп қарастырылды. екі нұсқа бойынша екі-екіден қарама-қарсы тезистер (түркі (адам), шаманизм) мен антитезис (табиғат, анимизм) құрап ұғымдарға нақты айтқанда түркілік дүниетанымды спекулятивтік үкім ретінде шығаруға тырыстық. Алайда осы триадалар және

арнайы жасаған кестеміз немесе жобамыз толымды нәтижеге апармады. Бірақ біз оны мақаланың кіріспе бөлімінде эксперимент және әдістер бөлімінде примитивті (қарапайым немесе өрескел) болады деп ескертіп өткен болатынбыз. Сонымен бірге оны талдау бөлімдерінде де аңғардық.

Біз көтеріп отырған түркілік дүниетаным философиядағы спекулятивтік үкімге қарағанда құндылықтар, яғни аксиологияға жақын. Дегенмен де зерттеу кезінде біз күтпеген жағдайлар орын алды. Мәселен түркілік дүниетаным (синтез) – түркі (тезис) – табиғат (антитезис) нұсқасында айтуға тұрарлық нәтижелер байқалды. Табиғат және түркі сөздері бір біріне қарама қарсы ұғымдар болмаса да бірқатар сұрақтардың басын ашып берді. Күлтегін жырынан мысал келтірілген өлеңде адамның (түркі) табиғатқа деген көзқарасын дамудың (танудың) нәтижесінен болған ойларын өлең арқылы жеткізді. Мысалы бүкіл әлемді қоршаған ортаны біртұтастыққа жақындастыра отырып, оны адам дене мүшелеріне теңестіріп (ішіне жұлдыз жапсырған, төсіне ай ілген, омырауына күн таққан) қоршаған ортаны тануға ұмтылды. Біздің пікірімізше адам мен табиғат дамудың қарама қайшылығында жетістікке жетіп отыратындығын аңғарамыз.

Негізінде біз қолданған спекулятивтік әдістің нәтижесінде айтарлықтай жаңалық жоқ. Сонымен бірге түркі (тезис) – табиғат (антитезис) бір біріне қарама-қарсы емес өзара үндестікті құрайды, яғни бізге дейінгі зерттелген зерттеулердің ақиқаттылығын тағы да бір дәлелдей түседі. Мысалы, түркілік дүниетаным құндылықтар әлемін «біртұтас әмбебап жүйе ретінде» қарастыру болған деген деректерді нақтылай түседі. Сонымен мифологиялық реттіліктің жағынан айтарлықтай өзгеріс тұстары да жоқ. Бір жағынан алып қарағанда «түркі және табиғат бір біріне қарама қарсы ма?» деген ой мазалайды. Себебі

көшпелі түркі жұрты табиғатпен үздіксіз күрес жүргізген болуы тиіс және болуы керек еді, бірақ та қазақ халқының мәдениетіне үлкен әсер қалдырған өркениет әлемнің, табиғаттың сырын ашып, оған қарсы қарекет жасаудың орнына табиғат пен үндестік іздеуге бет бұрғанын аңғарамыз. Сол арқылы түркілік дүниетанымды басқа, өзге де халықтардың дүниетанымдық негізінен даралап аламыз. Ол біздің дәстүрлі түркілік дүниетаным – ойлау мен тіл, мәдениет пен дүниетаным арасындағы үндестік заңдылықтарын реттейтін ұлттық – мәдениеттік дүниетанымның алғашқы тарихи типі деген қағиданы нақтылай береді яғни бірінші нұсқада көрсетілген түркі (тезис) – табиғат (анти-тезис) – түркілік дүниетаным (синтез) жобасында айтарлықтай өзгешелік жоқ екенін тағы да нақтылайды.

Екінші түркілік дүниетаным анализі деп қарастырыған шаманизм (тезис)-анимизм (антитезис) – түркілік дүниетаным (синтез) б нұсқасындағы спекулятивті әдіс бойынша нәтижелерге тоқталар болсақ онда да айтарлықтай айырмашылықтар байқалмайды бірақ та а-нұсқасындағы триада ретінде қолданған формуладан шаманизм мен анимизмге байланысты қарама-қарсылық көріністерінің шынайылығын байқаймыз. Мәселен шаманизмдегі шамандық діннің негізін орындайтын бақсының осы дүниенің шындығы, ал анимизм барлық тіршіліктің, заттың «жаны», «рухы» бар деп танылатын анықтама. Яғни бізге беймәлім тылсым дүние. Осы тараптан алғанда «түркілік дүниетаным» синтезіне шаманизм тезис, ал анимизм антитезис бола ма деп қабылдап едік. Бірақта бұл спекулятивті әдісте де шаманизм (тезис), ал анимизм (антитезис) түптің-түбінде біртұтастыққа айналып кететін аңғардық.

Алайда Лев Гумилевтің «Көне түркілер» еңбегіндегі қытай шежіресінде «аруақ» сөзі кездесіп, оған арнайы түсінік бере кетеді [1, 63 б.]. Осыған

қарап шаман осы әлемнің адамы -шаманизм, ал тау, жер, өзен, сулар қасетті, киелі «жан», «рух» иелері- анимизм. Анимизмді кең түрде айтатын болсақ, ол заттық дүние құбылыстарының жандылығын білдіретін термин. Демек шаманизмнен бөлек болу керек еді. Бірақ анимизм, шаманизм, фитишизм, тотемизм қандай да сатыда тәңірлік ұғым аясында біртұтастыққа айналып кетті. Оны Махмұт Қашқардың «Түркі сөздігінен» де байқадық. Ол әсіресе, өздерінен зор көрінген тау, ағаштарға тәу етуден көрінді және олардың барлығын «Тәңгі», «Тәңірі» деп атағаны жазылған. Ал тау, ағаштарды, жерді киелі санау анимизмнің көрінісі. Қазақы дүниетанымдағы «киелі», «қасиетті» жер бедерлері мен атаулары жатады. Табиғат аясындағы мәдениет үшін қоршаған орта киелі таулардан, құтты өзендер мен көлдерден, ағаш-бұталардан, т.б. тұрады. Табиғи құбылыстар да қасиетті мағынаға ие болады, олардың рухы және иесі бар делінеді. Демек, алғашқыда және мағынасы жағынан жеке-жеке қызметі болған шаманизм мен анимизм «тәңірлік» ұғымда біртұтастықта айналып сала береді.

Негізінен шаманизм бұл дүние, ал анимизм о дүние мәселесі арқылы қарама-қарсы «айна» жүйесінде спекулятивтік әдіске келіп-ақ тұр. Мысалы «тән» мен «жан», «дене (зат)» мен «рух», яғни екі дүниенің ортақ шешімі «дүниетанымға» кепілдігі басым.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда мақала жұмысы бойынша мынадай шешімдерді ұсынамыз:

- Гегельдік философиядағы спекулятивті әдіс құндылық (түркілік дүниетаным) ұғымдарын талдау үшін қажет емес екендігіне көз жеткіздік және примитивті өрескел нәтиже шығатынын байқадық;

- Ұлттық деңгейдегі ұғымдарды тал-



дау үшін спекулятивті әдістен гөрі аксиология, танымдық талдаулар ғана сәйкес екендігін аңғардық.

Дегенменде зерттеу жұмысының нәтижелері мынадай қосымша ұсыныс, пікірлерді алып келгендігін де жасырмаймыз. Олар:

- Гегель философиясының ба-сым бағыты абстрактіден нақтылыққа бағытталғандығын ескеретін болсақ, мақалада индуктивтік деңгейдің, яғни ықтималдылықтан айқын аргументке қарай бағыт жасалды;

- Түркілік дүниетанымға байланысты ұғымдардың қарма-қарсы тезистерді қою арқылы бірқатар көрсеткіштер ай-кындалды.

Осы кейіңгі екі пункттер арқылы болашақта ізденуші ғалымдар өз зерттеулерінде қолдануы мүмкін деген пікіріміз бар.

### **Әдебиеттер тізімі**

1 Гумилев Л.Г. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 489 б.

2 David A. Leaming; Catherine Madden; Stanton Marlan // Encyclopedia of Psychology and Religion. Springer. – 2009. – P. 42.

3 Ding Albert E. Pengcheng Controversy: Wei Shu and Song Shu Reports. At Schwartz, Wendy; Robert Ford Company; Lu, Yang; Chu, Jesse (ed.). Early Medieval China: A Handbook (e-book). – New York: Columbia University Press, 2014. – P. 57–84.

4 Қасабек А. Тарихи-философиялық та-нымы. – Алматы, 1999. – 231 б.

5 Махмуд Қашқари. Түркі тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). – А., Хант, 1997. – Мұзаоф кітабы. – 2 том. – 411 б.

6 Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүние танымы. – А., Ғалым, 1996. – 151 б.

7 Carlson D. Commentary on Hegel's Science of Logic. – New York, Palgrave MacMillan, 2007. – 253 pp.

8 Singh Manvir. The Cultural Evolution of Shamanism. Behavioral and Brain Sciences. – 2018, 41: e66: 1–61.

9 Труфанов С.Н. «Наука логики» Гегеля в доступном изложении. – Самара, Парус, 1999. – 192 с.

10 Медетбек Т. Күлтегін жыры. [Элек-трондық ресурс] <https://abai.kz/post/62175> (Қаралған күні:18.11.2021).

### **Transliteration**

1 Gumilev L.G. Kone turikter [Ancient Turks]. – Almaty: Bilim, 1994. – 489 b.

2 David A. Leaming; Catherine Madden; Stanton Marlan // Encyclopedia of Psychology and Religion. Springer. – 2009. – P. 42.

3 Ding Albert E. Pengcheng Controversy: Wei Shu and Song Shu Reports. At Schwartz, Wendy; Robert Ford Company; Lu, Yang; Chu, Jesse (ed.). Early Medieval China: A Handbook (e-book). – New York: Columbia University Press, 2014. – R. 57–84.

4 Қасабек А. Tarihi-filosofijaluq tanum [Historical and philosophical knowledge]. – Almaty, 1999. – 231 b.

5 Mahmud Qashqari. Turki tilinin sozdigi (Diواني lugat-it-turik) [Dictionary of the Turkic language (Diwani dictionary-it-turk)]. – А., Hant, 1997. – Muzoaf kitaby. – 2 tom. – 411 b.

6 Orunbekov M. Ezhelgi qazaqtyn dynie tanymy [Worldview of the ancient Kazakhs]. – А., Galym, 1996. – 151 bet.

7 Carlson D. Commentary on Hegel's Science of Logic. – New York, Palgrave MacMillan, 2007. – 253 rr.

8 Singh Manvir. The Cultural Evolution of Shamanism. Behavioral and Brain Sciences. – 2018, 41: e66: 1–61.

9 Trufanov S.N. «Nauka logiki» Gegelja v dostupnom izlozhenii [Hegel's «Science of Logic» in an accessible presentation]. – Samara, Parus, 1999. – 192 s.

10 Medetbek T. Kultegin zhyry [KulteGIN's song]. [Jelektronduq resurs] <https://abai.kz/post/62175> (Qaralghan kuni:18.11.2021).

**АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР:**

- Еркебұлан Ертісұлы Татиев* докторант, аға оқытушы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан, ertisuly82@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6368-1251>
- Манифа Ұстаболқызы Саркулова* философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Г.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университет, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, manifa.s@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5992-2814>
- Асел Баяхметовна Мухамедиева* аға оқытушы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан, injuerke@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4891-6969>
- Еркебулан Ертісұлы Татиев* докторант, старший преподаватель, университет имени Шакарима г. Семей, Семей, Казахстан, ertisuly82@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6368-1251>
- Манифа Стаболовна Саркулова* кандидат философских наук, доцент, Евразийский национальный университет им. Л. Г. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан, manifa.s@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5992-2814>
- Асель Баяхметовна Мухамедиева* Старший преподаватель, университета имени Шакарима г. Семей, Семей, Казахстан, injuerke@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4891-6969>
- Yerkebulan Tatiyev* Doctoral student, lecturer, Shakarim Semey University, Semey, Kazakhstan, ertisuly82@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6368-1251>
- Manifa Sarkulova* Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, L.G. Gumilev Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan, manifa.s@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5992-2814>
- Asel Mukhamedieva* Senior lecturer, Shakarim University of Semey, Semey, Kazakhstan, injuerke@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4891-6969>